

ЖАЛҒАН САЙТТЫ ҚАЛАЙ АЙЫРЫП ТАНУҒА БОЛАДЫ?



Eurasian Bank

Құрметті клиенттер!

Егер тікелей немесе баннерлік сілтеме бойынша өткеннен кейін сайтта сәйкестендіру деректерін (мысалы, логинді немесе парольді, бір жолғы парольді немесе электронды сандық қолды) енгізу сұратылса, онда бұл сайт жалған (фишингілік) болуы мүмкін.



ЕГЕР САЙТ КҮМӘН ТУДЫРСА:

- Сайттың мекенжайында <https://> таңбаларының бар-жоғын тексеріңіз. Егер мұндай таңбалар болмаса, сайтқа кіру қауіпсіз емес.
- Сайт мекенжайының қандай таңбалармен аяқталатынын қараңыз: kz, ru, com, org не басқалар. Eurasian Bank ресурстарының мекенжайлары kz болып аяқталады.
- Сайт туралы ақпаратты, мысалы, тіркеу орнын және жасын анықтаңыз. Бұл тұста whois-сервистер көмектеседі, оларды интернетте оңай табуға болады.
- Сайттың мекенжайына және сыртқы түріне назар аударыңыз. Алаяқтар сайттың мекенжайы мен дизайнын жиі көшірмелейді, әйтсе де кейбір болмашы бөліктерінен оның жалған екенін айыруға болады. Мысалы, eubank.kz орнына eubanc.kz деп берілуі мүмкін.

ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГКЕ КІРУ ҮШІН КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДА ДЕРЕКТЕРДІ ЕНГІЗБЕҢІЗ:

- Сайт қауіпсіз емес қосылуды пайдаланады (яғни мекенжайдың бас жағында <https://> таңбалары жоқ).
- Сайтқа кірген кезде сайттың сертификатына сенуге болмайтыны туралы ескертпе шығады.
- Беттің мекенжайы интернет-банкингтің ресми сайтынан ерекшеленеді (ең болмағанда 1 таңбасымен).
- Қорғалған режим белгішелері белсенді емес. Мысалы, құлпы жабық емес немесе ескертетін түстік бояуы бар (сіздің браузеріңізге берілген нұсқаулықты қараңыз).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Банктің қызметкерлері ешқашан және ешбір жағдайда төлем картасының деректемелерін, ДСН-кодты, логин мен парольді беру туралы өтінішпен қоңырау шалмайды, хаттар немесе SMS жібермейді. Банк сондай-ақ электрондық пошта арқылы бағдарламалар таратпайды және оларды жаңартпайды.

Егер сіз өз деректеріңіз қаскүнемдердің қолына түсті деп күмәндансаңыз немесе сіздің рұқсатыңызсыз сіздің шоттарыңызбен операциялардың жүргізілгенін айқындасаңыз, келесі телефондар бойынша банктің байланыс орталығына хабарласыңыз:

+7 (727) 332-77-22 — қалалық;

+7 (771) 000-77-22 — Beeline;

+7 (700) 000-77-22 — Altel/Tele2;

+7 (702) 000-77-22 — Kcell/activ.